

Freedom Holding Corp.
ESG САЯСАТЫ



Кіріспе.....	3
Терминдер мен анықтамалар.....	4
Жалпы ережелер.....	5
Саясатты іске асыру.....	6
Тұрақты жұмыс істеу принциптері.....	7
ESG басқару жүйесінің мақсаты мен механизмдері.....	8
Мүдделі тараптармен өзара әрекет.....	10
Мониторинг және есеп беру.....	13
Кері байланыс тетіктері.....	13

Ескертпе: Саясаттың осы мәтіні аударма болып табылады. Түпнұсқа нұсқасы [Компанияның сайтында сілтеме](#) арқылы қолжетімді.



Кіріспе

Freedom Holding Corp. бағалы қағаздармен операцияларды, нарықтық операцияларды, бөлшек бағалы қағаздармен брокерлік операцияларды, инвестициялық банктік қызметтерді, андеррайтинг, кредиттік-депозитарлық қызметтерді, сақтандыруды, инвестициялық зерттеулер мен кеңес беруді қоса алғанда, қаржылық қызметтердің көптеген түрлерін көрсетуге маманданған халықаралық холдингтік компания. Компания сондай-ақ қаржылық емес салада бірқатар жобаларды жүзеге асырады, олардың ішінде телекоммуникация, туризм, билет сату, БАҚ, жарнама және цифрлық сауда алаңдары саласындағы жобалар бар.

БҰҰ Жаһандық Шартының қол қоюшысы бола тұра және бизнестің БҰҰ Тұрақты даму саласындағы мақсаттарына (БҰҰ ТДМ) қол жеткізудегі рөлінің маңыздылығын түсіне отырып, Компания жұмыс істейтін қауымдастықтар мен өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына, қаржы нарықтары мен банк секторының қызметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз етуде, экономикалық құндылық пен жұмыс орындарын құруда, қызметкерлерді дамытуда және жауапты іскерлік тәжірибелерді жүргізуде елеулі үлес қосады. БҰҰ ТДМ-ын ұстану Компанияда тұрақты дамудың тиімді жүйесін құруға ғана емес, сонымен қатар қазіргі және келешек ұрпақтың тұрақты болашағына өз үлесін қосуға көмектеседі.



Терминдер мен анықтамалар

Термин	Аббревиатураның толық жазылуы/Анықтамалар
Іс-шаралар жоспары	Саясаттың іске асырылу барысында оның мақсаттарына қол жеткізуді жеңілдетуге бағытталған іс-шаралар кешені.
Бенчмаркинг	Компания өзінің өнімділігін жақсартуға тырысу үшін өз өнімдері мен әдістерін өз саласындағы ең табысты компаниялардың әдістерімен салыстыратын процесс.
Іскерлік серіктестер	Топтың жабдықтаушылары, мердігерлері және клиенттері.
Компания	Freedom Holding Corp.
ESG	Экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару.
Топ	Freedom Holding Corp. және оның еншілес және байланысты ұйымдары.
Жоғары басқару органы (ЖБО)	Директорлар кеңесі немесе Басқару кеңесі (еншілес және байланысты ұйымның басқару құрылымына қарай өзгеруі мүмкін).
ХҚК	Халықаралық қаржы корпорациясы.
ХЕҰ	Халықаралық еңбек ұйымы.
Қызмет көрсететін өңірлер	Топ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын географиялық аймақтар.
Мүдделі тараптар	Компанияда, еншілес және байланысты ұйымдарында мүддесі бар және олардың іскерлік белсенділігіне ықпал ететін және ықпал етуі мүмкін тараптар.
Еншілес және байланысты ұйымдар	Тікелей немесе жанама түрде бір немесе бірнеше делдалдар арқылы бақыланатын ұйым.
Тұрақты қаржыландыру	Экологиялық және әлеуметтік факторларды есепке алатын және ілгерілетуге бағытталған инвестициялық процесс.
Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық Шарты (БҰҰ ЖШ)	Компания басшыларының тұрақты даму қағидаттарын енгізу және БҰҰ мақсаттарын қолдау шараларын қабылдау жөніндегі міндеттемелеріне негізделген ерікті бастама.
Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму саласындағы мақсаттар (БҰҰ ТДМ).	2015 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы әзірлеген және барлығына жақсы әрі тұрақты болашаққа қол жеткізуді көздейтін 17 өзара байланысты мақсаттар жиынтығы. Бас Ассамблеяның қарарында бұл мақсаттар «2030 жылға дейінгі күн тәртібі» деп аталып, Мыңжылдықтың даму мақсаттарын алмастырды. Бас Ассамблеяның қорытынды құжаты «Әлемді қайта құру: Тұрақты даму саласындағы 2030 жылға дейінгі күн тәртібі» деп аталады және онда 17 жаһандық мақсат пен 169 тиісті міндеттер қамтылған.
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы.

Жалпы ережелер

Мақсат туралы мәлімдеме

ESG саясаты (бұдан әрі – «Саясат») Компанияның ESG-ге қатысты мәселелер мен қызметтерді басқару тәсілін сипаттайтын негізгі құжаты болып табылады. Саясат Топтың қоршаған ортаға, адамдарға және корпоративтік басқаруға теріс әсерлердің алдын алу және оларды жұмсарту жолындағы ұстанымдарын анықтайды. Осылайша, Саясат Топ ішіндегі ESG-менеджменттің негізгі қағидаларын белгілеп, тұрақты даму мен ESG-ге байланысты нақты міндеттер мен мақсаттарға баса назар аудартады.

Freedom Holding Corp. жергілікті және жаһандық деңгейдегі әлеуметтік, экологиялық және экономикалық мәселелерді тиімді шешу үшін бизнес қауымдастығының жан-жақты және белсенді қатысуы маңызды деп санайды.

Freedom Holding Corp. БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарында көрсетілген қағидаттарды ұстануға тырысады және БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына сәйкес келу компанияда ESG басқару жүйесін тиімді құруға ғана емес, сонымен қатар қазіргі және болашақ ұрпақтар үшін тұрақты болашақты қамтамасыз етуге ықпал етеді деп санайды.

Freedom Holding Corp. қаржылық сектордың көрсету аймақтарының тұрақты дамуын қамтамасыз етуіндегі маңызды рөлін мойындайды, бұл инновациялық өнімдер мен қызметтер, мемлекеттік деректер базаларымен жүйелерді интеграциялау және үлкен деректерді (Big Data) негізделген және прогрессивті шешімдер қабылдау үшін пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Топ қаржы секторындағы қазіргі трендтерді басып озуға ұмтылады және Қазақстандағы және басқа да аймақтардағы енгізілген инновациялық интеграцияланған қаржы технологияларын әлемнің басқа нарықтарына таратуды жоспарлайды.

Қолданылу аясы

Саясаттың мақсаттары Топтың барлық директорлары, қызметкерлері және оның атынан әрекет ететін тұлғалар үшін қызметін жоспарлау және орындау барысында міндетті болып табылады. Осындай істерге мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу, ішкі нормативтік құжаттарды (саясаттарды, ережелерді, әдістемелерді, стандарттарды) әзірлеу, есеп беру және байланыс жатуы мүмкін. Компания сондай-ақ барлық іскерлік серіктестерінен Саясаттың рухына, оның принциптеріне және мақсаттарына бірдей сәйкес келуін күтеді.

Саясат Freedom Holding Corp.-тың барлық еншілес және байланысты ұйымдары үшін олардың қызмет ету географиясына қарамастан ESG қызметінің бірыңғай қағидаларын белгілейді. Компанияның еншілес және байланысты ұйымдары өздерінің ESG басқару саясатын, ережелерін және процедураларын бекітулері мүмкін, бірақ олар осы Саясатқа сәйкес болуы тиіс. Бұл сәйкестік маңыздылықты бағалауды, корпоративтік басқарудың сәйкес стандарттарын және қолданылатын заңнаманы ескеруі қажет.

Осы Саясат Компанияның ақпараттық ресурстарында жалпыға қолжетімді құжат болып табылады. Саясатта ұсынылған мәліметтер оның бекітілген уақытында өзекті болып табылады.

Теориялық негіз

Саясат төмендегі қағидалар, нұсқаулықтар және стандарттар негізінде жасалған:

- БҰҰ ЖШ-ның он қағидасы;
- БҰҰ ТДМ;
- Nasdaq-тың ESG есеп беру жөніндегі нұсқаулығы 2.0;
- БҰҰ кәсіпкерлік қызмет және адам құқықтары жөніндегі негізгі қағидалары;
- Экологиялық және әлеуметтік тұрақтылық бойынша ХҚК өнімділік стандарттары.

Оған қоса, Саясат ESG тәуекелдерін басқаруға қатысты, әсіресе, жалпы Топтық ESG басқару саясаттарын, ережелерін және процедураларын қарастырады.



Саясатты іске асыру



Бұл Саясат Компанияның Іскерлік мінез-құлық және этика кодексімен, Адам құқықтары жөніндегі саясатымен өзара байланысты бола тұра, аталған құжаттардың қағидаларына негізделіп түсіндірілуі керек. Бұл құжаттар Freedom Holding Corp. веб-сайтында қолжетімді. Барлық қызметкерлер осы саясаттардың бар екендігі туралы хабардар болып, олардың қайда орналастырылғанын білуі керек.

Саясаттың өзектілігі және қолданыстағы стандарттар мен тәжірибелерге сәйкестігі Компанияның тұрақты даму жөніндегі бас директорымен қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде үш жылда бір рет қайта қаралып отырады. Саясаттағы өзгерістерді бекіту үшін, ұсыныстарды Тұрақты даму жөніндегі бас директор Компанияның Директорлар кеңесінің қарауына жібереді. Компания басшылығы атқарылатын жұмыстың осы Саясатта анықталған тәсілмен сәйкестігін қамтамасыз ету үшін осы Саясаттың қағидаларына, сондай-ақ ішкі саясаттар мен рәсімдерге сәйкестігін жүйелі түрде бағалауға міндеттенеді.



Тұрақты жұмыс істеу принциптері

Freedom Holding Corp. қызметі 7 тұрақты даму принциптеріне сүйенеді.

01

Бірінші қағидат. Бизнесті адал және әдепті түрде жүргізу

Компания ең жоғары іскерлік этика мен мінез-құлық стандарттарына сәйкес жұмыс істейді. Бұл барлық Топ бойынша ықтимал немесе айқын мүдде қақтығыстарын этикалық басқаруды қамтиды.

02

Екінші қағидат. Сенімділік пен ашықтық

Қоғамдық ұйым және Nasdaq-тың листингілік мүшесі ретінде Компания өз есептерінде және құжаттарында, Компания мен/немесе оның еншілес және байланысты ұйымдары реттеуші органдарға ұсынатын ақпаратты, сондай-ақ Топ ұйымдары жүзеге асыратын басқа да жария коммуникацияларда толық, әділ, дәл, уақтылы және қолжетімді түрде жариялауды қамтамасыз етуге ұмтылады.

03

Үшінші қағидат. Қолданыстағы заңнаманы, ережелер мен реттеушілердің талаптарын сақтау

Компания қолданыстағы заңнаманы және нормативтік актілерді ұстануға міндетті. Сондықтан Топтың барлық қызметкерлері, лауазымды тұлғалары мен директорлары жұмыс істейтін қалаларда, облыстарда және елдерде барлық қолданылатын заңдар, ережелер мен нормалардың талаптарына және рухына сәйкес әрекет етуі қажет.

04

Төртінші қағидат. Компанияның мүдделі тараптары үшін ұзақ мерзімді қосымша құнды құру

ESG қағидаларын өз қызметінде енгізу арқылы Топ өз бизнесін дамытуға мүмкіндік беретін ортаны құрып, нәтижесінде қоғамның әл-ауқатын арттырып, қоршаған ортаға теріс әсерін азайтуға тырысады. Freedom Holding Corp. акционерлік құнды қамтамасыз ету, мемлекеттік органдар алдындағы міндеттемелерін орындау және жергілікті қауымдастықтарға үлес қосу арқылы өзінің мүдделі тараптарының ұзақ мерзімді өркендеуіне ықпал етеді.

05

Бесінші қағидат. Адам құқықтары, теңдік және тең мүмкіндіктер

Freedom Holding Corp. және оның еншілес және байланысты ұйымдары қосылған құн тізбегінде халықаралық адам құқықтары заңнамасымен анықталған адам құқықтарын мойындайды және құрметтейді. Компания өз іскерлік серіктестерінен де дәл осы принциптерді сақтауын күтеді. Компания алуантүрлілік пен инклюзияны, кедергісіз ортаны құруды қолдайды және жеке тұлғаларға қызметтер мен нысандарға қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы мүмкіндік беруге ұмтылады. Freedom Holding Corp. жынысына, әлеуметтік-экономикалық, этникалық немесе мәдени тегіне қарамастан өз қызметкерлеріне тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге ұмтылады.

06

Алтыншы қағидат. Қоршаған ортаға сақтық пен жауапкершілікпен қарау

Freedom Holding Corp. БҰҰ-ның Қоршаған орта және даму жөніндегі конференциясының Рио Декларациясында (1992) қарастырылған «сақтық қағидатын» жүзеге асыруда. Компания өз қызметінің климатқа және қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерін болдырмауға және азайтуға тырысады. Осы мақсатта Компания экологиялық тәуекелдерді басқару әдістерін жетілдіреді, көміртегі ізін азайту мақсатында жұмыс істейді, ресурстарды тиімді пайдалануды арттырады және қалдықтарды басқаруды мұқият жоспарлайды. Freedom Holding Corp. қызмет көрсететін аймақтарда төмен көміртекті, тұрақты айналмалы экономикаға көшуге қолдау көрсетеді.



07

Жетінші қағидат. Тұрақты қаржы принциптерін ілгерілету

Компанияның бизнес үлгісі Freedom Holding Corp.-ке жоғары қаржылық көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік бере отырып, қоғам мен қоршаған ортаға барынша оң әсер етуді қамтамасыз етуге бағытталған. ESG қағидаттарын өз қызметінде іске асыру Компанияның ұзақ мерзімді тұрақтылығын арттыруға және әріптестері арасында бәсекеге қабілетті позицияны қамтамасыз етуге бағытталған. Тұрақты қаржы өнімдері мен қызметтерін дамыту және ESG тәуекелдерді басқарудың кешенді тәжірибелерін біріктіру Компанияның тұрақтылық мақсаттарына қол жеткізу жолындағы маңызды қадамдарына жатады.

ESG басқару жүйесінің мақсаты мен механизмдері

Freedom Holding Corp. ESG басқару жүйесінің мақсаттары:

01 Экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару көрсеткіштерін ескере отырып, Топ бизнесінің тұрақты және ұзақ мерзімді дамуын қамтамасыз ету.

02 Топ жұмысының теріс әсерін азайту, ESG тәуекелдерін тиімді басқаруды қамтамасыз ету және Топ пен оның мүдделі тараптары үшін ESG-мен байланысты мүмкіндіктерді анықтау.

03 Компанияның акционерлері мен басқа да мүдделі тұлғалар топтары үшін құнды барынша арттыру.

04 Стратегиялық шешімдер қабылдауға, сондай-ақ сенімді және уақтылы корпоративтік қаржылық емес есеп беруге мүмкіндік беру үшін тұрақты дамудың экологиялық, әлеуметтік және басқару аспектілері бойынша деректер жинау процестерін жүйелендіру және оңтайландыру.

05 Қолданыстағы заңдар мен нормативтік актілердің, сондай-ақ Компания тұрақтылық пен жауапты бизнес жүргізу саласында қабылдаған ерікті міндеттемелерін сақталуын қамтамасыз ету.

06 Компанияның мүдделі тараптарымен байланыстарды нығайту және Топтың тұрақты даму күн тәртібін орындау үшін Топ ішінде және оның іскерлік серіктестері арасында ынтымақтастықты дамыту. Осы бағдарламаны жүзеге асыру ішкі және қоғамдық тренингтерді, іс-шараларды және басқа да қоғамдық байланыс шараларын өткізу арқылы, өнімдер мен қызметтердің ассортиментін кеңейту, тұрақты дамуды насихаттайтын жергілікті және халықаралық салалық, үкіметаралық ұйымдарда қатысу арқылы жүзеге асырылады.

07 Компанияның ESG мәселелері бойынша стратегиясын бағыттау және қалыптастыру, сондай-ақ ESG тәжірибелерін үздіксіз жетілдіру.



Freedom Holding корпорациясының ESG басқару жүйесінің механизмдері:

01

Саясатты стратегиялық және операциялық жоспарлау, әзірлеу және орындау, сондай-ақ Саясатты іске асыруға арналған іс-шаралар жоспарын құру.

05

Саясатты іске асыру үшін қажетті корпоративтік саясаттарды, ережелерді және процедураларды әзірлеу.

02

Компанияның саладағы әріптестеріне бенчмаркинг жасау.

06

Қабылданған есеп беру стандарттары мен талаптарына сәйкес ішкі және жария есептерді дайындау.

03

Тұрақты дамудың негізгі мақсаттарын және оларға қол жеткізу мерзімдерін анықтау.

07

Компанияның мүдделі тараптарымен ESG мүмкіндіктері мен дамуы туралы, соның ішінде ESG басқару туралы хабардарлықты арттыру туралы тұрақты байланыс.

04

Тұрақты даму саласындағы нормативтік-құқықтық базаны және профильді бизнес-ассоциациялар әзірлеген үздік тәжірибелер бойынша ұсыныстарды талдау.

08

Тұрақты даму бойынша жоғарғы басқару органдарының ұжымдық білімін, дағдысын және тәжірибесін жетілдіру.



Мүдделі тараптармен өзара әрекет

Компания барлық мүдделі тараптардың пікірлерін, үміттерін және мүдделерін жоғары бағалайды. Freedom Holding Corp.-тың мүдделі тараптармен өзара әрекеттесудегі тәсілдемесі ашықтық, сенім және өзара сыйластық қағидаттарына негізделген. Қызметті жүзеге асыру барысында Компания мүдделі тараптардан келіп түскен сауалдар мен кері байланысқа жауап бере отырып, олардың мүдделерін қорғауға тырысады. Көрсетілетін қызметтердің кең аясын, күрделі ұйымдық құрылымын және ауқымдылығын ескере отырып, Компания мүдделі тараптардың кең ауқымымен өзара әрекеттеседі.

Компания мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуіне ететін немесе әсер ете алатын барлық тараптармен тиімді және теңгерімді қарым-қатынастарды сақтаудың маңызды құралы ретінде таниды. Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу осы Саясатты жүзеге асырудың маңызды алғышарты болып табылады. Компанияның мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу тәсілінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін еншілес және байланысты ұйымдарындағы жауапты функционалдық және құрылымдық бөлімшелер мүдделі тараптардың негізгі топтарын анықтаумен, мүдделі тараптар картасын жаңартумен және олармен өзара әрекеттесуді үйлестірумен тұрақты негізде айналысады.

Осы Саясат мүдделі тараптармен өзара әрекеттесудің келесі жалпы құралдары мен механизмдерін қарастырады:

- Корпоративтік есеп беру;
- Компания және оның еншілес және байланысты ұйымдарының корпоративтік веб-сайты;
- Реттеушілердің жұмыс топтарына қатысу;
- Қоғамдық, іскерлік және салалық ассоциациялар мен кәсіби қауымдастықтарда мүшелік;
- Форумдарға, көрмелерге, кездесулерге және өзге де іс-шараларға қатысу;
- БАҚ-та және Топтың әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларындағы жарияланымдар.



Мүдделі тараптардың әртүрлі топтарына қатысты осы Саясат өзара әрекеттесудің келесі механизмдерін қарастырады:

Мүдделі тараптардың топтары

Өзара әрекеттесу механизмдері

Акционерлер

- Компания акционерлерінің Жалпы жиналысының және Директорлар Кеңесінің шешімдерін қабылдау;
- АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясы үшін жылдық және тоқсандық есептерді дайындау;
- Жылдық прокси мәлімдемесін дайындау;
- Жылдық аудит туралы есеп және қорытынды дайындау.

Инвесторлар

- Инвесторларға сауалнама жүргізу;
- Инвесторлар үшін презентациялар дайындау;
- АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясына жылдық және тоқсандық қаржылық есептіліктерді тапсыру;
- Қаржылық емес есептерді тұрақты түрде жариялау.

Қор биржалары

- Қор биржаларының өкілдерімен тұрақты байланыста болу;
- Компанияның және биржалардың веб-беттерінде ақпаратты жариялау;
- Nasdaq және аймақтық биржалар үшін қаржылық есептерді үнемі тапсыру.

Мемлекеттік органдар

- Қолданыстағы талаптар мен заңнама нормаларын сақтау бойынша ақпаратты толық және уақтылы ашу;
- Қаржы секторын дамыту жөніндегі кеңестер мен кездесулерге қатысу;
- Заңнамада талап етілетін барлық төлемдер мен салықтарды төлеу;
- Қолданыстағы заңнама талаптарын сақтау мақсатында қажетті лицензияларды, рұқсаттарды, қорытындыларды алу
- Қаржылық және маңызды қаржылық емес ақпаратты ашып көрсету.


Жабдықтаушылар

- Жабдықтаушылар үшін тұрақты даму мәселелері бойынша хабардарлықты арттыру науқандары.




Үкіметтік емес ұйымдар

- Конференциялар мен форумдарға қатысу;
- Қол қойылған келісімдер, келісім-шарттар немесе меморандумдар бойынша серіктестікке, демеушілікке және ынтымақтастықтың басқа да нысандарына қатысу;
- Тақырыптық немесе жобалық жұмыс топтарына қатысу.



Қызметкерлер

- Қызметкерлерді марапаттаудың және қызметкерлердің кәсіби өсуінің әділ және ашық жағдайын қамтамасыз ету;
- Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау бойынша шараларды іске асыру;
- Қызметкерлерді Компанияның қызметі, екіжақты коммуникациялар, әлеуметтік желілер және Компанияның корпоративтік веб-сайты арқылы кәсіби өсу мүмкіндіктері туралы хабардар ету;
- Ішкі корпоративтік коммуникацияларды ресми әлеуметтік желілер, еншілес және байланысты ұйымдардың веб-беттері, корпоративтік электронды пошта және басқа да тәсілдер арқылы жүзеге асыру.




Клиенттер

- Клиенттерге қызмет көрсету және өнім ұсыну;
- Клиенттердің қанағаттануы мен үміттерін бағалау (NPS);
- Клиенттердің әртүрлі санаттары үшін Компанияның қаржылық қызметтері мен өнімдері туралы ақпаратты ашу;
- Байланыс орталығы, цифрлық арналар және әлеуметтік желілер арқылы байланыс;
- Корпоративтік хабарландыруларды жариялау (баспасөз хабарламалары);
- Қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша білім беру бастамаларын іске асыру;
- Қаржылық нәтижелерді және маңызды қаржылық емес ақпаратты ашып көрсету.



БАҚ

- Компанияның корпоративтік веб-сайтында ақпаратты жариялау;
- Корпоративтік хабарландыруларды (баспасөз хабарламаларын) шығару.



Рейтингтік және бағалау агенттіктері

- Несиелік және ESG рейтингтерін шығаруға/қайта қарауға өтінім;
- Рейтинг агенттіктері қолданатын талаптар мен әдістемелердің тұрақты мониторингі;
- Рейтинг агенттіктерінің өкілдері мен олардың зерттеушілерімен проактивті байланыс орнату, Компанияның рейтинг алу үшін қажетті деректерді жариялау.

Мониторинг және есеп беру

Freedom Holding Corp. қызметінің осы Саясаттың ережелеріне сәйкестігі туралы үздіксіз мониторинг пен есеп берудің маңыздылығын мойындайды.

Компания сыртқы факторларды, мүдделі тараптардың мүдделерін және нормативтік талаптарды олардың өзгеріп отыратын сипатына байланысты үнемі бақылап отырады. Freedom Holding Corp. үнемі Саясаттың жүзеге асырылуын талдайды және қажетті жаңартуларды бақылап отырады. Сондай-ақ Компания өзіне мониторинг нәтижелері бойынша қажет деп танылған кез келген уақытта осы Саясатқа өзгертулер енгізу құқығын қалдырады.

Осы Саясат және оның кейінгі жаңартулары Компанияның веб-сайттарында ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде жарияланады. Саясатты қайта қарау туралы ақпарат Компанияның жылдық қаржылық емес есебінде көрсетіледі. Компания өзінің ESG қызметі, осы Саясаттың мақсаттарына жетудегі прогресі және қажетті маңызды өзгерістер туралы ақпаратты Freedom Holding Corp. тұрақты даму саласындағы жыл сайынғы есептерінде жариялайды.



Кері байланыс тетіктері

Компания мүдделі тараптардың кез келген сұрақтарына жауап беруге дайын. ESG және осы Саясаттың мазмұны мен қолданылуына қатысты сауалдар келесі электрондық поштасына жіберілуі қажет:

esg@ffin.kz